**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі**

| | | |
|---|---|---|
| **«Бекітемін»** | **«Келісілді»** | |
| Мектеп директоры: | Директордың оқу ісі | |
| Ганиева Г.К. | жөніндегі орынбасары:Айдарова Ж | Бірлестік жетекшісі: Н.Ширинбекова |
| 31. 08 2021 ж | | |

# Ата – аналармен жұмыс

МАДТ тобының тәрбиешісі: Бигожаева С.

2021-2022 оқу жылы

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінің
мектепалды даярлық топ ата-аналарының

№ 1 хаттамасы

«17»........09.....2021ж

Қатысқандар:...13...
Қатыспағандар:..4....

Күн тәртібі:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау.
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыруды тәрбиеші Бигожаева Сауле Намидәліқызы таныстырды. Ендігі кезекте 2021-2022 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметімен таныстырылды. „Бала тәрбиесі қай уақытта болса да өзекті мәселе екенін айтып, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев „Баланың басты ұстазы, ата-ана" деп келе, бала тәрбиесін ең алдымен ата-анасынан алатынын айтып өтті. Екінші мәселелер бойынша, ата-аналар комитетін ж-е оның мүшелерін сайлау керек екендігі айтылды. Ата-аналар комитетінің мүшесінің төрайымы: Сапарова Түйсім, оның көмекшілері 1. Шайдозова Азиза 2. Жұнғырбаева И сайланды.
Үшінші мәселе бойынша мектепалды даярлық тобының 100% оқу құралдарымен толық қамтамасыз ету керектігі ата-аналарға жүктелді. Оқулықтар, кітаптар, дәптерлермен жұмыс жүргізілуі туралы айтылды.
Оқулықтарды таза ұстау, қаптау, балаларды ата-аналар өздері алып келіп, өздері алып кету міндеті екендігі айтылды. Балалар денсаулығы тазалығы да атап өтілді.

Қаулы:

1. Топтың ата-аналары бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болсын.
2. Ата-аналар комитеті мен оның мүшелері сайлансын
3. Балалардың келіп кетуін ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: [signature] ........Бигожаева С.Н.

Хатшы: [signature] ........Сапарова Т.К.

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінің
мектепалды даярлық топ ата-аналарының

№ 2 хаттамасы

«18.....11.........2024.ж

Қатысқандар:.12....
Қатысպағандар:.1....

Күн тәртібі:
1.„Тәрбие отбасынан басталады" баяндама
2. 1-тоқсанның қорытындысы.
3. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ жетекшісі Бигожаева Сауле сөзі алды. „Тәрбие отбасынан басталады" баяндамасын оқыды. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты кезең дүниесі осы отбасында өтіп жатыр. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын – тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Баланың бастапқы ұстазы, ата-анасы екенін ұмытпаған жөн. Бала ең алды мен ата-анадан алады. Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналар өз ойларын ортаға салды. Екінші мәселе бойынша ата-аналар жарыс сөзге шықты, балалардың бойында алға жылжушылықтың бар екендігін атап өтті. Бір ауыздан оқу құралдар мен қамтамасыз етіп отырғандарын жайлы да айтты. Ата-аналар тарапынан қолдау көрсететіндіктерінде айтып өтті.
Ата-аналар өздерін толғандырған жайлы сұрақтарын қоя білді. Өздерінің балаларының сыныптастарымен қалай араласатындықтарын туралы да, көмек керек балаларға мұғалім тарапынан көбірек көңіл бөлінсе деп талап тілектерін білдірді.

Қаулы:
1.„Тәрбие отбасынан басталады" тақырыбындағы баяндама
2. Ата-аналардың талап-тілектері ескерілсін
3. Балаларды алып келу, алып кету ата-ана-ға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: Бигожаева С.........

Хатшы: Сапарова Г..........

Түркістан облысы Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
Б. Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде
№ 3 ХАТТАМАСЫ

11.01.22ж.

Күн тәртібінде:

1. Бала тәрбиесі қоғам алдында өзекті мәселе.

2. 2 тоқсанның қорытындысы. 3 тоқсанның басталуы.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша топ жетекшісі Бигожаева Сауле сөз алды „Бала тәрбиесі қоғам алдындағы өзекті мәселе"-баяндамасы оқылды. Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелеу-отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы, асыл мұраты. Отбасы-адамзат бесігін тербеткен ұя болса, сол отбасындағы баланың бас ұстазы-ата-анасы. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік өздерінде екендігін ұмытып, баласының мінез-құлқы үшін қоғамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны өкінішті-ақ. Ата-аналар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қоя білді. 2 тоқсанда болған олқылықтарды, 3 тоқсанда қайталанбайтынын оқу құралдарын алып беретіндіктерін, себепсіз сабақтан қалдырмайтындарын, өздері алып келіп алып кететіндіктерін айтып өтті.

Қаулы:

1. „Бала тәрбиесі қоғам алдында өзекті мәселе" тақырыбындағы баяндама.
2. Ата-аналардың талап-тілектері ескерілсін. Балаларды алып келу, алып кету ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы: Бигожаева С.Н [signature]

Хатшы: Сапарова Г.К. [signature]

# Тақырыбы: Бала тәрбиесі қоғам алдында өзекті мәселе

Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы, асыл мұраты.

Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, сол отбасындағы баланың бас ұстазы - ата-ана.

«Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» - демекші, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Береке-бірлігі мол үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды, болашақ өркениетке қосар үлесі бар. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен, олардың күнделікті іс-әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін» деген ұтымды ой айтқан. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету де өз пайдасын тигізеді.

Отбасы – белгілі-бір дәстүрлерді, адамшылық бейнені, идеялды, жақсы сөз, ұнамды мінез, ыстық ықылас, қуаныш, ашық әңгімелесу арқылы да баланың көңілін тауып, ішкі сырын ашуға болады. Дегенмен, жұмыс барысында көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарынан елеулі қателіктерді байқап жүрміз. Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көңіліне қаяу түсіріп жатса, бірі «адам болар бала өздігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абыройына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қоғам алдындағы беделін төмендетеді. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар қай кезде де бірлесе отырып жұмыс жасауы керек.

Адамның адамшылдығы жақсы ата-ана мен білікті тәрбиешіден. Тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тең түсуіне көп көңіл бөлген абзал. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік өздерінде екендігін ұмытып, баласының мінез-құлқы үшін қоғамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны өкінішті-ақ.

Бүгінгі кейбір жастарымыздың бойындағы келеңсіз қасиеттер мен жағымсыз мінез-құлықтардың қалыптасуына осындай жауапсыз ата-аналардың кемшілігі де өз әсерін тигізбей қоймайды дер едім. Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі жаңа заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Оған қойылар талап жан-жақты жетілген адамды тәрбиелеу. Ойлы ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, ата-ана, мектеп пен бала ынтымақтастықта отырып, білім ордасындағы тәрбие отбасында жалғасын табатындай етіп ұштастыра білгеніміз жөн. Қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың: «Тәрбиедегі мақсат баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деп айтуы бала тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, қоғам алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын дәлелдейді. Әрине, отбасы өзінің дербес әрекеті арқылы тәрбие саласында ауқымды мәселелерді шешуде әлсіздік танытады .Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ал, тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабақтастық және ынтымақтастық өз үйлесімін табуы тиіс